ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
6-бөлім
Тұтастық негіздері

Информационная технология
ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ОТКРЫТЫХ СИСТЕМ
Основы безопасности для открытых систем
Часть 6
Основы целостности

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-6-2008

(ИСО/МЭК 10181-6:1996 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Тұтастық негіздері», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
6-бөлім
Тұтастық негіздері

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-6-2008
(ИСО/МЭК 10181-6:1996 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Тұтастық негіздері», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 25 ақпандағы № 107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Қазақстан Республикасы экономикасының қажеттіліктерін білдіретін қосымша талаптар мәтін бойынша көлбеу қаріппен белгіленіп ИСО/МЭК 10181-6:1996 “Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Тұтастық негіздері” («Information technology. Open Systems Interconnection. Security frameworks for open systems. Integrity framework»), IDT халықаралық стандартына балама.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

Осы *ҚР СТ ИСО/МЭК 10181* “Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеттесуі. Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері. Тұтастық негіздері” стандарты мынандай бөлімдерден тұрады:

– I Бөлім. Шолу

– 2 Бөлім. Сәйкестендіру негіздері

– 3 Бөлім. Мүмкіндікті басқару негіздері

– 4 Бөлім. Бас тартпаушылық негіздері

– 5 Бөлім. Құпиялық негіздері

– 6 Бөлім. Тұтастық негіздері

– 7 Бөлім. Қауіпсіздік оқиғаларын есепке алу және оперативтік баяндау негіздері

Көптеген ашық жүйелерді пайдалану кезінде деректердің тұтастығымен анықталатын қорғаныс талаптары пайда болады. Осындай нұсқаулықтардың ішіне басқа қорғаныс қызметтерін (мысалы, “қаскүнем” өзгертуге талпыныс жасаған кезде олардың тиімділігі азаятын немесе жойылатын сәйкестендіру, мүмкіндікті басқару, құпиялық, қорғанысты тексеру және авторлықты растау) қамтамасыз ету кезінде қолданылатын деректер қорғанысы кіруі мүмкін.

Заңсыз кіру кезіндегі деректердің өзгермеу және сақталу қасиеті тұтастық деп аталады.

Осы стандарт тұтастық қызметтерін қамтамасыз етуге арналған жалпы негіздерді белгілейді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
6-бөлім
Тұтастық негіздері

Енгізілген күні 2008.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ашық жүйелер ортасында қорғаныс қызметтері жұмыс істеуі туралы мәселелерді қамтиды, осы ретте “ашық жүйелер” түсінігінің ішіне деректер базасы, бөлінген қосымшалар, ашық бөлінген өңдеу және OSI секілді салалар кіреді. Қорғаныс негіздері ішкі жүйелер мен нысандарға арналған қорғанысты қамтамасыз ету құралдары белгіленуімен, және де жүйелер арасындағы өзара байланыстармен байланысты. Қорғаныс негіздері жүйелерді құру әдістемесіне және олардың тетіктеріне қатысы жоқ.

Қауіпсіздіктің негізгі ережелері белгілі бір қорғаныс қызметтерін алу үшін қолданылатын деректердің элементтерін және операциялардың кезектілігін (бірақ, хаттаманың элементтерін емес) қамтиды. Бұл қызметтер жүйелердің коммуникативтік нысандарына, және де жүйелер арасындағы алмасу деректері мен жүйелерді басқару деректеріне қатысты болуы мүмкін.

Осы стандарт:

– деректер тұтастығының негізгі тұжырымдамасын;

– деректердің тұтастығын қамтамасыз ету тетіктерінің ықтималды класстарын;

– деректердің тұтастығын қамтамасыз ету тетіктерінің әр классына арналған құралдарды;

– деректердің тұтастығын қамтамасыз ету тетіктерінің осы классын қолдауға қажетті басқару процедураларын;

– деректердің тұтастығын қамтамасыз ету тетігі мен қолдау қызметтерінің басқа қорғау қызметтерімен және тетіктермен өзара әрекеттесуін белгілейді.

Осы стандарт түрлі стандарт түрлерімен қолданылуы мүмкін, оның ішіне мыналар кіреді:

1) тұтастық тұжырымдамасын қамтитын стандарттар;

2) абстрактты сервистік құралдарды, оның ішінде деректердің тұтастығын қамтамасыз ету құралдарын сипаттайтын стандарттар;

3) тұтастықты қамтамасыз ету сервистік құралдары қолданылуын сипаттайтын стандарттар;

4) ашық жүйе сәулетінің шегінде тұтастықты қамтамасыз ету құралдарын сипаттайтын стандарттар;

5) деректердің тұтастығын қамтамасыз ету тетіктерін сипаттайтын стандарттар.

Осы аталған стандарттар осы стандартты мынандай түрде қолданылуы мүмкін:

– 1), 2), 3), 4) және 5) түріндегі стандарттар осы стандарттың терминологиясын қолдана алады;

– 2), 3), 4) және 5) түріндегі стандарттар 7-бөлімде сипатталған құралдарды пайдалана алады;

– 5) түріндегі стандарттар 8-бөлімде көрсетілген тетік класстарына негізделуі мүмкін.

Осы қорғаныс негіздерінде сипатталған кейбір процедуралар криптографиялық әдістердің көмегімен деректердің тұтастығын қамтамасыз етуге қабілетті. Бұл негіздер нақты криптографиялық немесе басқа да стратегиялар қолданылуына тәуелді, бірақ, тұтастық тетіктерінің белгілі бір класстары стратегияның өзгеше қасиеттеріне тәуелді болуы мүмкін. *Ақпаратты криптографиялық қорғаудың нақты түрлерін таңдау және қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.*

Ескертпе – ИСО криптографиялық стратегияларды стандарттамайтынына қарамастан, ол *[6]* стандартында тіркелген процедураларды стандарттайды.

Осы стандартта сипатталған деректер тұтастығы деректер мәндерінің тұтастығымен белгіленеді. Бұл түсінік (деректер мәндерінің тұрақтылығы) деректер мәндерінің түрлі көрсетулері (мысалы, ASN.1 мәнінің түрлі кодталуы) баламалы болып түсінілетін деректер нұсқаларының барлығын қамтиды. Басқа өзгеру формалары болмайды.

Осы стандартта деректер элементтерінің қолданылуы деректер құрылымдарының барлық түрлерін (мысалы, файлдар немесе деректер жиынтықтары, ақпараттық кезектіліктер, файл жүйелері және деректер базасы) қамтиды.

Осы стандартта сипатталған негіздер ықтималы «қаскүнемдер» тарапынан болатын жазулар қорғалған болып есептелетін деректер тұтастығы қамтамасыз етілуін қамтиды. Сондықтан, мүмкіндікті басқаруға ғана негізделмеген криптографиялық және криптографиялық емес арнайы тетіктер арқылы тұтастық қамтамасыз етілуіне негізгі назар аударылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ГОСТ Р ИСО/МЭК 7498-1:1994 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеттесуі. Базалық эталондық үлгі. 1-Бөлім. Базалық модель.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1:1996 Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелердің қауіпсіздік негіздері. 1-Бөлім. Шолу.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-2:1996 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелердің қауіпсіздік негіздері. 2-Бөлім. Сәйкестендіру негіздері.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-3:1996 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелердің қауіпсіздік негіздері: құрылым. - Бөлім. Мүмкіндікті басқару негіздері.

ГОСТ ИСО 7498-2-2002 Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеттесуі. Базалық эталондық үлгі. 2 Бөлім. Ақпаратты қорғау сәулеті.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР *СТ ГОСТ Р ИСО/МЭК 7498-1, ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1, ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-2-2008,* ГОСТ ИСО 7498-2 бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады.

3.1 Тұтастық қорғалған деректер (integrity-protected data): Тұтастық қорғалған орта шегіндегі деректер және соларға қатысты атрибуттар.

3.2 Қорғалған қайта құру (shield): Қарапайым деректерді тұтастығы қорғалған деректерге қайта құру.

3.3 Тұтастық қорғалатын арна (integrity-protected channel): Тұтастықты қамтамасыз құралдар қолданылатын байланыс арнасы.

Ескертпе – Байланыс арналарына арналған тұтастықты қамтамасыз ету қызметінің екі түрі ГОСТ ИСО 7498-2 стандартында көрсетілген. Осы қызмет түрлері (қосылыс және қосылыс орнатылмаған тұтастық) А қосымшасында сипатталған.

3.4 Кері қорғалған қайта құру (unshield): Қорғалған деректерді бастапқы экрандалған деректерге қайта құру.

3.5 Дұрыстығын тексеру (validate): Тұтастық жоғалуын табу мақсатында тұтастығы қорғалған деректерді тексеру.

3.6 Тұтастық қорғалған орта (integrity-protected environment): Заңсыз дерек өзгертулер (оның ішінде деректер жасау және өшіру) болдырмайтын және анықталатын орта.

4 Қысқартулар

Осы стандартта мынадай қысқартулар белгіленген:

4.1 Ашық жүйелердің өзара әрекеті (OSI, Open System Interaction); АЖБ.

4.2 Хаттамалық деректер блогы (Protocol Data Unit); PDU.

4.3 Сервистік деректер блогы (Service Data Unit); SDU.

4.4 Тұтастықты қорғап қайта құруға арналған ақпарат (Shield Integrity Information); SII.

4.5 Тұтастықтағы өзгерістерді табуға арналған ақпарат (Modification Detection Integrity Information); MDII.

4.6 Тұтастықты кері қорғап қайта құруға арналған ақпарат (Unshield Integrity Information); UII.

5 Тұтастық негіздері

Тұтастықты қамтамасыз ету қызметінің мақсаты – төменде көрсетілген түрлі тәсілдермен қауіп-қатерге ұшыратылуы мүмкін деректердің және соларға қатысты атрибуттардың тұтастығын қорғау:

– заңсыз деректерді түрлендіру;

– заңсыз деректерді өшіру;

– заңсыз деректер жасау;

– заңсыз деректер енгізу;

– заңсыз деректерді көшіру.

Тұтастықты қамтамасыз ету қызметтері осы факторлардың алдын алу немесе қалпына келтірумен немесе онсыз тауып, олардан деректерді қорғайды. Егер қажетті басқару ақпаратында (мысалы, кілттер және SII) тұтастық және/немесе құпиялық қорғалуы болмаса, тұтастықтың тиімді қорғалуы мүмкін емес; осындай қорғаныс деректерді қорғау механизміне енгізілген принциптерден басқа принциптерге негізделген.

Тұтастықты қорғау түсінігі деректерді заңсыз жасаудан және/немесе өшіруден қорғауды қамтитына туралы идеяға назар аудару үшін осы негіздерде қорғалған орталар түсінігі қолданылады. Сөйтіп, деректерді заңсыз жасау/өшіру белгілі бір қорғалған ортаны заңсыз жаңарту ретінде қарастырылады. Сол секілді, деректерді енгізу немесе көшіру құрылымдалған деректер жиынтығын (мысалы, ақпарат кезектілігін немесе деректер құрылымын) жаңарту ретінде қарастырылады.

Деректердің кейбір өзгеруі олардың тұтастығына ешбір әсер етпейтін болып қарастырылатынын атап өту керек. Мысалы, ASN.1 сипаттамасында белгілі бір түрдегі деректер ЖИНАҒЫ болса, осы түрдегі деректердің компоненттері қайта реттелгенінде ешқандай тұтастық бұзылуы жоқ. Тұтастықты қамтамасыз ететін күрделі тетіктер құрылымдалған деректердің кейбір қайта құрылуы деректердің тұтастығына қауіпті еместігін көрсетуі мүмкін. Ондай тетіктер пломбалаған немесе таңбалы деректерді сәйкесінше электронды қолтаңбаларды қайталап есептеу немесе қайталап нығыздау қажеттігісіз қайта құруға мүмкіндік береді.

Тұтастықты қамтамасыз ету қызметтерінің мақсаты – ақпаратты заңсыз жаңартулардан, оның ішінде деректерді заңсыз жасаудан және

өшіруден қорғау, және де осындай заңсыз жаңартуларды табу. Деректердің тұтастығын қамтамасыз ету қызметі орындалуының қамтамасыз етілуі мынандай қызмет түрлерімен жүзеге асырылады:

– **қорғалған қайта құру**: қарапайым деректерді тұтастығы қорғалған деректерге қайта құру;

– **дұрыстығын тексеру**: тұтастық жоғалуын табу мақсатында тұтастығы қорғалған деректерді тексеру;

– **кері қорғалған қайта құру**: қорғалған деректерді бастапқы қарапайым деректерге қайта құру.

Бұл қызмет түрлері криптографиялық әдістерді қолдануы міндетті емес. Егер ондай әдістер қолданылған болса, олар деректер өзгеруін шақыруы міндетті емес. Мысалы, **қорғалған қайта құру** операциясын деректерге мөр немесе электронды қолтаңба қосу арқылы қамтамасыз етуге болады. Бұл жағдайда сәтті **дұрыстығын тексеруден** кейін **кері қорғалған қайта құру** мөрді/электронды қолтаңбаны жою жолымен орындалады.

Тұтастықты қамтамасыз ету қызметі ақпараттық іздеу, деректердің орнын ауыстыру және басқару үшін мынандай түрде қолданылады:

1) OSI ортасында орны ауыстырылатын ақпарат үшін, тұтастықты қамтамасыз ету қызметтері (N)-қызмет деректер жөнелту циклін қалыптастыру мақсатында **қорғалған қайта құру**, (N-1)-құралы қолданылуымен деректердің орын ауыстыру және **кері қорғалған қайта құру** біріктірілуімен қамтамасыз етіледі.

2) Деректерді сақтау және іздеу үшін, тұтастықты қамтамасыз ету қызметтері **қорғап қайта құру** және ақпаратты сақтау функциясын іздеу және **кері қорғалған қайта құру** функциясын біріктірілуімен қамтамасыз етіледі**.**

Қорғалған қайта құру да, кері қорғалған қайта құру да осындай деректері (мысалы, барлық (N)-қосылу деректері) бар қатарлас операциялар ретінде қамтамасыз етілуі мүмкін, олар бір уақытта **қорғалған қайта құруға** ұшырамаған бөліктерден, тұтастығы қорғалған деректер ретінде белгіленген бөліктерден және **кері қорғалған қайта құруға** ұшыраған бөліктерден тұруы мүмкін.

Тұтастықты қамтамасыз ету тетіктері қорғалған орталарды қолдайды, яғни, **қорғап қайта құру** және **кері қорғап қайта құру** кезеңдерінің ішіне қорғалған орталар арасында деректердің орнын ауыстыру кіреді. Егер тұтастығы қорғалған деректер бір тұтастықты қамтамасыз ету механизмімен қорғалған ортадан басқасына жіберілген болса, деректер қорғалуының үзіліссіздігін қамтамасыз ету мақсатында екінші механизмнің **қорғап қайта құрылуы** бірінші механизмнің **кері қорғап қайта құрылуынан** бұрын жүзеге асырылуы керек.

5.1 Негізгі тұжырымдамалар

Тұтастықты қамтамасыз ету қызметтерінің бірнеше түрлері қандай қызмет түрлері (деректерді жасау, өшіру, жаңарту, енгізу және/немесе қалпына келтіру) қамтылғанына қарай, немесе деректердің тұтастығы бұзылуының алдын алу әлде тек ғана оларды табу қажет етілуіне қарай және тұтастық бұзылғаны табылған жағдайда олар деректер қалпына келтірілуін қолдайтындығына қарай түрлендіріледі. Деректердің тұтастығын қамтамасыз ету қызметтерінің түрлері 5.2. тармағында сипатталған.

Осы қызметтерді қамтамасыз ету құралдары ретінде қолданылуы мүмкін тетіктер жасалынған тұтастықты бұзуларға негізделген жүйелі қызметтің деңгейіне қарай кең ауқымды категорияларға бөлінуі мүмкін. Осы тетіктердің түрлері 5.3. тармағында сипатталған.

5.2 Тұтастықты қамтамасыз ету қызметтерінің түрлері

Деректердің тұтастығын қамтамасыз ету қызметтері мынандай категориялар бойынша жіктеледі:

1) Олар қорғайтын деректердің тұтастығын бұзу түрі. Бұзылыс түрлері:

– заңсыз деректерді жаңарту;

– заңсыз деректерді жасау;

– заңсыз деректер өшіру;

– заңсыз деректер енгізу;

– заңсыз деректерді қалпына келтіру болып табылады.

2) Олар қолдайтын қорғаныс түрі. Қорғаныс түрлері:

– тұтастық бұзылысының алдын алу;

– тұтастық бұзылуын табу болып табылады.

3) Осындай қызметтер қалпына келтіру тетіктерін қамтитына/қамтымайтынына қарай:

Бірінші жағдайда (қалпына келтірілуімен), деректердің дұрыстығын тексеру операциясы деректер бұзылуы пайда болғанын көрсеткен сайын кері қорғап қайта құру операциясы алғашқы деректерді қалпына келтіру (және, мүмкін, қорғаныс аудиті мақсатында қалпына келтіру немесе қате туралы хабарлау) мүмкіндіктеріне ие болуы мүмкін.

Соңғы жағдайда (қалпына келтірусіз), деректердің дұрыстығын тексеру операциясы деректер бұзылуы пайда болғанын көрсеткен кезде кері қорғап қайта құру операциясы алғашқы деректерді қалпына келтіруге қабілетсіз болады.

5.3 Тұтастықты қамтамасыз ету тетіктерінің түрлері

Әдетте, деректерді қорғау қабілеті қолданылған ортаға тәуелді болады. Кейбір құралдарды өз табиғаты бойынша қауіпсіздендіру қиын (ауыспалы дерек тасығыштар немесе байланыс құралдары), нәтижесінде құқығы жоқ

тұлғалар деректерге мүмкіндік алып, оларды өз қалауы бойынша өзгерте алады. Ондай құралдар үшін тұтастықты қамтамасыз ету механизмінің мақсаты - өзгертулерді тауып, мүмкіндігінше бұзылған деректерді қалпына келтіру. Төменде деректердің тұтастығын қамтамасыз ету тетіктерінің мысалдары тізілген:

1) Ортаға кіру мүмкіндігін болдырмайтын тетіктер. Ондай тетіктердің ішіне мыналар кіреді:

– шуылдан қорғалған оқшауланған арналар;

– маршруттауды басқару;

– мүмкіндікті басқару.

2) Деректер немесе деректер элементтерінің кезектілігі заңсыз жаңартылуын, оның ішінде деректер заңсыз жасалуын, жойылуын және қосарлануын табу тетіктері. Ондай тетіктердің ішіне мыналар кіреді:

– мөрлеу;

– электронды қолтаңбалар;

– деректерді қосарлау (басқа бұзылыс түрлерімен күресу құралы ретінде қолданылады);

– цифрлы бармақ таңбасы криптографиялық қайта құрулармен бірге;

– хабарлардың реттік нөмірлері.

Қорғаныс тиімділігі терминдерінде бұл тетіктер мынандай түрде жіктелуі мүмкін:

– қорғаныс болмауы;

– деректер жаңартылуын және жасалуын табу;

– деректер жаңартылуларын, жасалуларын, жойылуын және қосарлануларын табу;

– деректер қалпына келуімен бірге жаңартылуын және жасалуын табу;

– деректер қалпына келуімен бірге жаңартылуын, жасалуын, өшірілуін және қосарлануын табу.

5.4 Тұтастық бұзылуының қаупі

Қамтамасыз етілетін қызметтердің терминдерінде тұтастық бұзылуының қауіптері мынандай болуы мүмкін:

1) Деректерін бұзылыстарын болдырмау арқылы олардың тұтастығын қолдайтын орталарда деректердің рұқсатсыз жасалуы/жаңартылуы/ жойылуы/ енгізілуі/көшірілуі.

Мысал – Қорғалған арнаға қосылу.

2) Деректерін бұзылыстарын табу арқылы олардың тұтастығын қамтамасыз ететін орталарда деректердің рұқсатсыз және табылмайтын жасалуы/жаңартылуы/жойылуы/енгізілуі/көшірілуі.

Мысал – деректердің тұтастығы [8] стандартында сипатталғандай, қорғалған деректер және соларға сәйкес бақылаулы сомаларды шифрлануымен қамтамасыз етілуі мүмкін. Егер қатынастағы А және В нысандар кодтау операциясын қолдау үшін бір кілтті қолданатын болса, және деректердің шығу

тегінде тұтастық қорғалмаса, А-дан В-ге берілген тұтастығы қорғалған деректер кейін А нысанына шыққан көзі В нысаны болып ұсынылуы мүмкін (тұтастықты бұзу әрекеттерін қайтару).

Деректері тұрақты орналасқан орталардың терминдерінде тұтастық бұзылуының қауіптері мынандай болуы мүмкін:

– ішінде деректер қорғалған ортаға қатысы барлар;

– ішіне деректер берілген ортаға қатысы барлар;

– ортадан тәуелсіздер.

Осы стандартта тұтастық бұзылуын заңсыз әрекеттер ретінде қарастыратындықтан, ол Б Қосымшасында сипатталғандай, деректердің сыртқы келісушілігін бұзуы мүмкін рұқсат етілген жаңарту мәселелерін қарастырмайды (мысалы, бұзылыстар есепке алынуы). Яғни, осы стандарттың осы бөлімі, құпиялық негіздеріне қарағанда, ішкі бұзылыстар мәселелерін қамтымайды (құпиялық негіздері ақпарат үзіліссіз қорғалуына қатысты мәселелерді, мысалы, рұқсат етілген мүмкіндікке қасақана немесе кездейсоқ заңсыз құпиялығы қорғалуы ақпарат ашылуы еріп жүретін мүмкіндікке қатысты мәселелерді қамтиды).

5.5 Тұтастық қорғалуын бұзу әрекеттерінің түрлері

Жоғарыда тізілген әр тұтастық бұзылуы қауіпіне бер немесе одан көп шабуыл, яғни қарастырудағы қауіпті жүзеге асыру әрекеттері сәйкес келеді. Осындай шабуылдардың мақсаты – тұтастықты қамтамасыз ету механизмін (тетіктерін) бұзу, және олар мынандай түрлерге бөлінеді:

1) криптографиялық тетіктерді бұзуға немесе осындай тетіктердің босаң жақтарын пайдалануға бағытталған шабуылдар. Олардың ішіне мыналар кіреді:

– криптографиялық тетіктің ішіне ену;

– (іріктеп) өшіру және қосарлау.

2) Қолданыстағы контексттік тетікті (нақты уақытта нақты орналасуда контекстті тетікті ауыстыру деректерін) бұзуға бағытталған шабуылдар. Олардың ішіне мыналар кіреді:

– дерек элементтерінің көшірмелерін көлемді үйлесімді өзгерту;

– контексті орнату тетігінің ішіне кіру.

3) Бұзылыстарды табу және жою тетіктерін бұзуға бағытталған шабуылдар, олардың ішіне мыналар кіреді:

– жалған бұзылыстар;

– бұзылыс тетігі мен алынған деректер өңделуі арасында қате кезектілікті пайдалану.

4) Бұзылыстардың алдын алу тетіктерін бұзуға немесе өзіне тартуға бағытталған шабуылдар. Олардың ішіне мыналар кіреді:

– тікелей тетікке жасалған шабуылдар;

– тетікке қызмет көрсету жеріне ену;

– қасақана емес жанама әсерлері бар кәдеге жаратуларды пайдалану.

6 Тұтастықты қамтамасыз ету саясаты

Тұтастықты қамтамасыз ету саясаты – жүйені қорғау стратегиясының бөлігі, ол тұтастықты қамтамасыз ету қамтамасыз етумен және пайдаланумен байланысты.

Тұтастығы қорғалған деректер жүйенің нысандары оларды жасайтын, өзгертетін және жоятын бақылауға ұшырайды. Яғни, тұтастықты қамтамасыз ету стратегиясы осындай бақылауға ұшыраған деректерді сәйкестендіріп, деректер жасауды, өзгертуді немесе жоюды қолдауға арналған нысандарды белгілеуі керек.

Түрлі типті деректердің тұтастылығының салыстырмалы маңыздылығына қарай тұтастықты қамтамасыз ету саясаты деректердің әр түріне тұтастықты қамтамасыз ету сервистерін қолдау үшін пайдаланылуы керек тетіктер түрі мен санын көрсете алады.

Тұтастықты қорғау стратегияларын басқару осы стандартта қарастырылмайды.

6.1 Саясатты таныстыру

Тұтастықты қамтамасыз ету стратегияларын көрсету үшін іске қосылған ақпарат пен жүйенің нысандарын сәйкестендіру құралдары талап етіледі.

Қорғау стратегиясы ережелер жинағы ретінде қарастырылуы мүмкін. Әр тұтастықты қамтамасыз стратегиясының ережесі деректердің, нысанның сипаттамаларын, және де деректерге жасалатын рұқсат етілген операциялар түрлерін (әдетте, ол деректерді жасау, өзгерту және жою) байланыстыруы мүмкін. Кейбір стратегияларда ол ережелер анық белгіленбеген, бірақ стратегия көрсетулерінен алынуы мүмкін.

Келесі бөлімшелер тұтастықты қамтамасыз ету стратегиясын сипаттауға болатын көптеген тәсілдерді сипаттайды. Кейбір тұтастық тетіктері белгілі бір стратегия көрсетулерінде ұқсас болуы мүмкіндігіне қарамастан, стратегияны сипаттау тәсілі белгілі бір механизм стратегияны жүзеге асыру үшін қолданылуын қарастырмайды.

6.1.1 Деректердің сипаттамалары

Стратегия деректерді түрлі тәсілдермен сәйкестендіруі мүмкін, мысалы:

– деректерді жасауға/жоюға рұқсаты бар нысандарды сәйкестендіру;

– олардың рұқсаты бойынша;

– ішінде деректер көрсетілген контекстті сәйкестендіру (мысалы, берілген қызмет бойынша).

6.1.2 Нысан сипаттамалары

Тұтастықты қамтамасыз ету стратегиясы қолданылатын нысандарды сипаттау тәсілдері көп. Төменде екі негізгі мысал келтірілген.

6.1.2.1 Ұқсастылық негізінде құрылған стратегиялар

Стратегияны көрсетудің осы формаларында нысандар жеке сәйкестендіріледі, немесе баламалы нысандар тобының бөлігі ретінде сәйкестендіріледі (тұтастықты қамтамасыз ету стратегиясының мақсатында), немесе олар орындайтын қызметпен сәйкестендіріледі. Сөйтіп, деректермен операциялар орындау рұқсат етілген әр нысанның жеке сәйкестігі, топтық сәйкестігі немесе атқарымдық сәйкестігі болады, ол осы нысанды сипаттау үшін қолданылады.

Қызметтерге қатысты тұтастықты қамтамасыз ету стратегиясы әр нысанның мүмкіндігі бар функциялардың ерекше топтарын белгілей алады, сол арқылы түрлі топтардағы функциялар бір уақытта талап етілуі мүмкін.

6.1.2.2 Рөлдік модельге негізделген стратегиялар

Стратегияларды көрсету формаларының осысында атрибуттар тұтастығы қорғалған әр нысанға және әр нысан элементіне қатысты. Нысандардың және деректердің белгілерімен жұмыс істейтін ғаламдық ережелер рұқсат етілген әрекеттерді белгілейді. Ережелерге негізделген стратегиялар қорғаныс негіздері шолуында екжей-текжейлі талқыланған (*ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1* қараңыз).

7 Ақпарат және тұтастықты қамтамасыз ету құралдары

Осы бөлім тұтастықты қамтамасыз ету қызметтерін дұрыс орындау үшін, және де қарастырудағы ақпаратты пайдаланатын немесе қалыптастыратын құралдар үшін қажетті ақпаратты жіктейді.

7.1 Тұтастық туралы ақпарат

Деректерді қорғап қайта құруды, дұрыстық тексерілуін немесе кері қорғап қайта құруды қамтамасыз ету үшін қосымша ақпарат тартылуы мүмкін. Бұл қосымша ақпарат тұтастық туралы ақпарат ретінде таныс. Тұтастық туралы ақпарат мынандай түрде жіктелуі мүмкін.

7.1.1 Тұтастықты қорғап қайта құруға арналған ақпарат

Тұтастықты қорғап қайта құруға арналған ақпарат (SII) – деректерді қорғап қайта құруға арналған ақпарат. Осындай ақпараттың мысалдары:

– жеке кілттер;

– құпия кілттер;

– стратегияның сәйкестендіргіші және соған қатысты криптографиялық параметрлер;

– уақытта өзгеретін параметрлер (мысалы, уақыт таңбалары).

7.1.2 Тұтастықтағы өзгерістегі табуға арналған ақпарат

Тұтастықтағы өзгерістегі табуға арналған ақпарат (MDII) – тұтастығы қорғалған деректердің дұрыстығы тексерілуін қамтамасыз ету үшін қолданылатын ақпарат. Осындай ақпараттың ішіне мыналар кіреді:

– жалпы рұқсаттағы кілттер;

– құпия кілттер.

7.1.3 Тұтастықты кері қорғап қайта құруға арналған ақпарат

Тұтастықты кері қорғап қайта құруға арналған ақпарат (UII) – тұтастығы қорғалған деректердің кері қорғап қайта құрылуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын ақпарат. Осындай ақпараттың ішіне мыналар кіреді:

– жалпы рұқсаттағы кілттер;

– құпия кілттер.

7.2 Тұтастықты қамтамасыз ету құралдары

Тұтастықты қамтамасыз ету құралдарының көпшілігі В қосымшасында көрсетілген. Олар атқарымдық аспектілерге және басқару аспектілеріне қатысы бар құралдарға бөлінуі мүмкін.

7.2.1 Жұмыспен байланысты құралдар

Олар мынандай құралдар:

1) қорғап қайта құру

Бұл құрал деректердің тұтастығын қорғау үшін қолданылады. Енгізілетін ақпараттың ішіне мыналар кіруі мүмкін:

– қорғанысқа арналған деректер;

– SII;

– тұтастықты қамтамасыз ету тетіктерін белгілейтін сәйкестендіргіштер, мысалы, В Қосымшасында аталған.

Шығатын ақпараттың ішіне мыналар кіруі мүмкін:

– тұтастығы қорғалған деректер;

– аяқтау/қайтару кодтары.

2) деректердің дұрыстығын тексеру

Бұл құрал тұтастығы қорғалған деректерде өзгерістер болған-болмағанын тексереді. Енгізілетін ақпараттың ішіне мыналар кіруі мүмкін:

– тұтастығы қорғалған деректер;

– - MDII;

– тетікті белгілейтін сәйкестендіргіштер, мысалы, В Қосымшасында аталған.

Шығатын ақпараттың ішіне мыналар кіруі мүмкін:

– деректер тұтастығы бұзылуына қатысты көрсетілімдер.

3) кері қорғалған қайта құру

Бұл құрал тұтастығы қорғалған деректерді алғашқыда *қорғап қайта құруға* ұшыратылған деректерге қайта құрады.

Ықтималды енгізілетін ақпараттың ішіне мыналар кіруі мүмкін:

– тұтастығы қорғалған деректер;

– MDII;

– С қосымшасында көрсетілгендей нақты тетікті белгілейтін сәйкестендіргіштер.

Ықтималды шығатын ақпараттың ішіне мыналар кіреді:

– деректер;
– аяқтау/қайтару кодтары.

7.2.2 Басқарумен байланысты құралдар

Тұтастықты басқару құралдары пайдаланушыға деректердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты (мысалы, кілттерді) алуға, жаңартуға және жоюға мүмкіндік береді. Кең мағынада бұл құралдарың арнауы:

– басқару ақпаратын орнату;
– басқару ақпаратын түрлендіру;
– басқару ақпаратын жою;
– басқару ақпаратының тізімін жасау;
– басқару ақпаратын блоктау;
– басқару ақпаратының блогын ашу.

8 Тұтастықты қамтамасыз ету тетіктерінің жіктелуі

Бұл бөлім тұтастықты қамтамасыз ету қызметтерін жүзеге асыру үшін қолданылатын құралдармен тұтастық тетіктерін жіктейді.

8.1 Криптографиялық әдістермен тұтастықты қамтамасыз ету

Тұтастықты қамтамасыз ету криптографиялық тетіктерінің екі классы бар, олар төменде қарастырылады:

1) симметриялық криптографиялық әдістерге негізделген тұтастықты қамтамасыз ету тетіктері, оларда деректерді қорғап қайта құру үшін қолданылған кілтті білу арқылы деректердің дұрыстығын тексеруге болады;

2) асимметриялық криптографиялық әдістерге негізделген тұтастықты қамтамасыз ету тетіктері, оларда деректерді қорғап қайта құру үшін қолданылған жеке кілтке сәйкес келетін жалпы рұқсат етілген кілтті білу арқылы деректердің дұрыстығын тексеруге болады.

Тетіктердің бірінші түрі деректерді мөрлеуге сәйкес келеді, ал екінші түріндегі тетіктер электронды қолтаңбаларға сәйкес келеді.

Түрлі уақыт параметрлері деректерді көшіруден қорғау үшін криптографиялық әдістерге негізделген тұтастық тетіктерімен бірге қолданылуы мүмкін.

8.1.1 Мөрлеу арқылы тұтастықты қамтамасыз ету

Мөрлеу қорғауға жататын деректерге криптографиялық бақылау көрсеткішін қосу арқылы тұтастықты қамтамасыз етеді. Мөрлеу кезінде бір кілт қорғаныс үшін де, деректердің тұтастығын тексеру үшін де қолданылады. Егер тұтастықты қамтамасыз ету тетіктерінің осы түрі қолданылған болса, деректердің дұрыстығын тексеру құралдарының барлық әлеуеті алдын-ала белгілі болады, немесе оларда құпиялы кілтке мүмкіндік құралы болуы керек.

Деректерді мөрлеуге қабілетті нысандардың жиынтығы, және деректердің дұрыстығын тексеруге қабілеті бар нысандар жиынтығы механизмнің анықтауы бойынша сәйкес келетін болып табылады.

Ондай тетік жаңартулар табылуын мынандай түрде қамтамасыз етеді:

– *Қорғап қайта құру* тұтастықты қорғауға жататын деректерге криптографиялық бақылау көрсеткішін қосу арқылы жүзеге асырылады (мысалы, біржақты қызмет қорғалатын деректер бойынша есептелді, сол мағына шифрлау тетігінің көмегімен қайта құрылады).

– *Деректердің дұрыстығын тексеру* криптографиялық бақылау көрсеткіші және құпиялы кілті бар деректер қолданылуы арқылы жүзеге асырылады (мысалы, белгілі бір құрал деректер мен құпиялы кілтті қорғап қайта құру функциясының әсеріне ұшыратады, алынған мөр деректерге берілген мағынамен салыстырылады). Егер ол мағына тура келсе, ондай деректер жаңартылмаған ретінде қарастырылады.

– *Кері қорғап қайта құру* криптографиялық бақылау көрсеткішін жою арқылы жүзеге асырылады, егер деректердің дұрыстығын тексеру кемінде бір рет жасалынған болса.

8.1.2 Электронды қолтаңбалар көмегімен тұтастықты қамтамасыз ету

Электронды қолтаңбалар жеке кілт және ассиметриялық криптографиялық алгоритм қолданылуымен есептеледі. Қорғап қайта құруға ұшыратылған деректердің (электронды қолтаңба қосылған деректердің) дұрыстығы сәйкес жалпы рұқсаты бар кілт қолданылуымен тексерілуіне болады. Жалпы алғанда, жалпыға рұқсат етілген кілт барлық пайдаланушылар үшін рұқсат етілген болып жасалуы мүмкін.

Электронды қолтаңбалар еркін мөлшері және құрамы бар деректердің *дұрыстығын тексере* алатын нысандар жиынтығын пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұл тетік жаңарту табылуын мынандай түрде қолдайды:

– *Қорғап қайта құру* деректерге тұтастықты қорғау мақсатында криптографиялық бақылау деректері берілуі арқылы жүзеге асырылады (мысалы, қорғауға жататын деректерге компьютерленетін цифрлы бармақ таңбасы беріліп, алынған мағына электронды қолтаңбаны құрайтын бір немесе бірнеше мағыналар жасау үшін жеке кілтке және, мүмкін, басқа да параметрлерге қосылады).

– *Дұрыстықты тексеру* алынған мәліметтердің бармақ таңбасы, электронды қолтаңба және электронды қолтаңбаны тексеру алгоритмі бар жалпыға рұқсат кілт қолданылуы арқылы жүзеге асырылады. Егер электронды қолтаңба аудиті қате тапса, оған сәйкес деректер өзгеріске ұшыраған болып қарастырылады.

– *Кері қорғап қайта құру* деректердің дұрыстығы тексерілгеннен кейін криптографиялық бақылау көрсеткішін жою арқылы жүзеге асырылады.

Бұл тетік, оған қоса, алғашқы аутентификация және берілетін ақпараттың өзгерместігі режимдерін қолдай алады.

8.1.3 Артық деректерді шифрлау арқылы тұтастықты қамтамасыз ету

Артық деректердің (мысалы, кәдімгі сөздің) тұтастығы шифрлау арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін. Құрамына қателерді іздеу кодтары мен цифрлы бармақ таңбалары кіретін деректер артық болып табылады, және олардың тұтастығы шифрлау арқылы қорғалуы мүмкін (осы ретте қолданыстағы шифрлау стратегиясы шифрланған деректер дешифрлаудан кейін алғашқы деректерге әсер етуін болдырмауы шарт).

Төменгі деңгейдегі қорғаныс хаттамалары (*[8], [9]* қараңыз)

Бұл механизм ақпарат өзгеруі табылуын мынандай түрде қамтамасыз етеді:

1) Қорғап қайта құру артық деректерді шифрлау арқылы жүзеге асырылады.

2) Дұрыстықты тексеру қорғап қайта құруға ұшыраған деректерді декодтау, және олар алғашқы деректерді қанағаттандыратын қандай да болмасын түрлендірулерге сәйкес келетіндігін анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Мысалдар:

– егер алғашқы деректер ASCII форматындағы символдар кезектілігі болып табылса, қалпына келтірілген деректердің дәл сондай сипаттамалары болуы керек;

– егер алғашқы деректер, жорамалға сәйкес, осы тілдегі адам сөзі ретінде қарастырылатын болса, қалпына келтірілген деректер сол тілде сөйлейтін адамдардың көпшілігіне түсінікті болу үшін керек (немесе минималды жаңартулармен қайта құрылуы керек);

– егер алғашқы деректердің құрамында бақылау самалары бар болса, қорғалған деректер бөлігі үшін сондай бақылау сомаларын есептеп, нәтижелер декодталған деректерге енгізілген бақылау сомаларының мағынасына сәйкес келуін тексеру керек.

3) Кері қорғап қайта құру шифрланған деректерді декодтау арқылы орындалады.

Ескертпе – Сипатталған тетік, біз білетініміздей, кең тараған шифрлау тәсілдерімен (мысалы деректер тізбегі қалыптастырылуымен немесе онсыз DES (деректерді шифрлау стандарты) түріндегі блоктық шифрлау) бірге қолданылатын кейбір кең тараған артықтық формаларына (мысалы, қателер іздеу кодтары бар деректерге) сай емес болып табылады. Ықтималды қақпандардың қарапайым мысалы мынандай.

Егер ASCII тексті (мысалы, электронды пошта) DES-кодтау көмегімен қорғалуы керек болса, хабарландыруға ұзындығын кесу арқылы табылмайтын өзгертулер енгізілуі мүмкін (егер, әрине, поштаның басында, әдеттегідей, деректер кезектілігі ұзындығының индикаторы болмаса).

8.2 Контексттің көмегімен тұтастықты қамтамасыз ету

Тұтастық бір немесе бірнеше алдын-ала келісілген контексттерде деректерді сақтау немесе жіберу тетіктерінің көмегімен қамтамасыз етілуі мүмкін. Осындай тетіктер деректерді де, деректердің құрылымдарын да

(мысалы, деректер модельдерінің кезектіліктерін) қорғай алады. Олардың ішіне мыналар кіреді:

8.2.1 Деректерді қосарландыру

Тұтастық тетіктерінің осы классы деректерді уақытта (мысалы, зейіннің бірнеше салаларында) немесе уақытта (мысалы, түрлі уақытта) қосарландыруға негізделген. Ықтималды «қаскүнемдер» көшірмелердің шектелген санынан көбісіне қатер туғыза алмайды, және шабуылдар анықталған сайын деректер түпнұсқалы көшірмелерден қалпына келтіріледі деп қабылданады.

Мысал ретінде, осындай тетік шабуылдарға төзімді деректер базаларымен қолданылуы мүмкін.

Бұл тетіктер қалпына келтіру арқылы тұтастық өшірілуі табылуын қамтамасыз етеді және басқа да қорғаныс құралдарымен бірге қолданылуы мүмкін. Олар деректердің тұтастығын мынандай түрде қамтамасыз етеді:

– Қорғап қайта құру бір уақытта немесе зейіннің түрлі салаларында бір деректердің бір қатар көшірмелерін жасау жолымен жүзеге асырылады.

– Дұрыстықты тексеру әр берілген уақытта немесе әр берілген орында көшірмелер жинаумен қамтамасыз етіледі. Олар салыстырылады, және барлығы барабар болмаса, тұтастық бұзылған болып есептеледі.

– Кері қорғап қайта құру (қалпына келтірумен бірге) белгілі бір алдын-ала белгіленген критерийге қол жеткізілген болса (мысалы, «мағыналар 90 және одан көп пайызға сәйкес келуі»), белгілі бір берілген мағынаны (мысалы, қате қалпына келтіру ықтималдығы) минимумдайтын дұрыс мағынаны таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Осы ретте атап өту қажет, барлық мағыналар алғашқы мағынамен үйлесетін болса, және осы жағдайда осы параметрді минимумдайтын мағына жалпы қабылданған мағына болса, қалпына келтірудің қажетті критерийіне қол жеткізілуі керек.

8.2.2 Алдын ала келісілген контекст

Бұл тетіктер тұтастығы қорғалған деректер өшірілуі табылуын қамтамасыз етеді және жиі басқа да тетіктермен бірге қолданылады:

– *Қорғап қайта құру* деректер жаңартылуының берілген деңгейінің шегінде белгілі бір уақытта және/немесе белгілі бір орналастырылуымен деректер беру арқылы жүзеге асырылады.

– *Дұрыстықты тексеру* белгілі бір уақытта және/немесе белгілі бір орналастырылуымен деректерді күту арқылы жүзеге асырылады. Егер ол болмаса, тұтастық бұзылған болып есептеледі.

Баламалы деректердің ауыстырылуын болдырмау үшін бұл механизм, жоғарыда аталғандай, басқа да тұтастықты қамтамасыз ету тетіктерімен біріктірілуі керек.

8.3 Бұзылыстарды табу және растау арқылы тұтастықты қамтамасыз ету

Бұл тетіктер оңды кері байланысы бар идемпотентті операцияларды орындау кезінде тұтастық табылуын пайдаланады (бір операцияның бірнеше ойдағыдай орындалуы бір нәтиже берген болса, операция идомпотентті болып есептеледі). Осындай тетіктердің мысалдары - оңды растауы бар операциялардың орны ауыстырылуы (мысалы, *[7]* стандартында сипатталған 4 көлік классы) және кері байланыспен дистанциялық операциялар. Бұл тетіктер қорғап қайта құру және дұрыстықты тексеру/кері қорғап қайта құру процедуралары бір уақыт ұзақтығымен жұмыс істейді және деректерді сақтауға жарамайды деп қарастырады:

– *Қорғап қайта құру* тұтастықты қамтамасыз ету стратегиясында басқа нұсқамалар болғанша дейін немесе оңды расталғанға дейін бір әрекеттерді қайталау жолымен жүзеге асырылады.

– *Дұрыстықты тексеру* қорғап қайта құруға ұшыраған әр дерек нұсқасы үшін орындалады (тұтастықты қамтамасыз ету стратегиясында басқа нұсқамалар болмаса); дұрыстықты ойдағыдай тексерулер қорғап қайта құру операциясын орындайтын нысан үшін оңды растаулар қалыптастырылуына әкеп соғады.

Әрекеттегі тұтастықты қорғау механизмі қолданылған кезде кері қорғап қайта құруға ұшыраған деректерден дұрыс ақпарат жіберу үшін түзету орындау мүмкін болса, осы тетіктің кері қорғап қайту құруы оңды растауды қалыптастыра алады.

